

ӘОЖ 81 373. 613; МҒТАР 16.01.09; 16.21.47
<https://doi.org/10.47526/2023-3/2664-0686.03>**Н.Б. МАНСУРОВ** *филология ғылымдарының кандидаты**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: nurlan.mansurov@ayu.edu.kz***ЯСАУИ ХИКМЕТТЕРІНДЕГІ АРАБ, ПАРСЫ КІРМЕ СӨЗДЕРІНІҢ ОРЫН АЛУЫ**

Аңдатпа. Мақалада Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінде араб, парсы кірме сөздерінің орын алуы қарастырылады. Зерттеудің басты ұстанымы – кірме сөздердің не себепті қажетті болғандығын саралау, олардың қолданысына негіз болған діни тақырыптар мен Ясауидің діни білімінің жетік болғандығын ашып көрсету. Сол арқылы түркі халқына ортақ тұлғаның рухани болмысын таныту, оның діни-рухани тағылымының мәнін сипаттау.

Мұндай ізденістер жүйелі түрде Ясауи хикметтерінің мазмұндық сипатын айқындап, хикметтерден орын алған кірме сөздердің мағынасын айшықтауға әрі олардың лексика-семантикалық мағынасын ұғынуға жол ашады. Бұл ретте Қожа Ахмет Ясауи хикметтерін терең түсіну үшін онда қолданыс тапқан кірме сөздердің мағыналық сипатын айқындау қажеттігі туындайды. Сондықтан көнеден жазылып, хатталған хикметтердің тілдік қолданысын, ондағы кірме араб, парсы сөздері мен сөз тіркестерін талдау маңызды саналады. Бұл өз кезегінде хикметтерді түсініп, әр айтылған ойдың түпкі мақсатын әрі хикметтердегі тілдік қолданыстардың мәнін ашып көрсетуге басты себеп болады. Сол себепті мақалада хикметтер тіліндегі араб, парсы кірме сөздері зерттеу нысаны ретінде қарастырылды.

Зерттеу барысында Ясауи хикметтеріндегі кірме сөздер сараланып, мағыналары айшықталды. Әсіл нұсқадағы мағыналары салыстырылып, олардың қолданыстағы мазмұны ашылды. Сондай-ақ хикметтер тілінің ерекшеліктері аталып, қолданыстан орын алған араб, парсы сөздерінің статистикалық мөлшері көрсетілді.

Кілт сөздер: кірме сөздер, хикмет сөзі, түркі тілі, араб тілі, парсы тілі, дін тілі.

N.B. Mansurov*Candidate of Philological Sciences**Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: nurlan.mansurov@ayu.edu.kz***The appearance of Arabic and Persian words in the “Hikmets” of Yasawi**

Abstract. The article discusses the reasons for the appearance of Arabic and Persian words in the hikmet of Khoja Akhmet Yasawi. The main principle of the study is to highlight why borrowed words were needed, to identify the presence of religious themes that served as the basis for their

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Мансұров Н.Б. Ясауи хикметтеріндегі араб, парсы кірме сөздерінің орын алуы // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2023. – №3 (129). – Б. 38–52. <https://doi.org/10.47526/2023-3/2664-0686.03>

***Cite us correctly:**

Mansurov N.B. Iasawi hikmetterindegi arab, parsy kirme sozderinin oryn aluy [The appearance of Arabic and Persian words in the “Hikmets” of Yasawi] // *Iasawi universitetinin habarshysy*. – 2023. – №3(129). – B. 38–52. <https://doi.org/10.47526/2023-3/2664-0686.03>

use, and the maturity of Yasawi's religious knowledge. Thus, to show the spiritual nature of the personality common to the Turkmen people, to describe the meaning of their religious and spiritual teachings. Such searches systematically reveal the meaningful nature of the Hikmet Yasawi and reveal the meaning of borrowed words in it, as well as provide an opportunity to comprehend their lexical and semantic meaning. At the same time, for a deep understanding of the Hikmets of Khoja Akhmet Yasawi, it becomes necessary to determine the semantic nature of the words used in it. Therefore, it is important to analyze the linguistic use of ancient wisdom, as well as Arabic and Persian words and expressions. This, in turn, will be the main reason for understanding the wisdom and clarifying the ultimate purpose of each thought and the meaning of language use in hikmet. For this reason, the article considered Arabic and Persian words in hikmet as the object of research. In the course of the study, the borrowed words in the hikmet Yasawi were analyzed and the meanings were highlighted. The values of the effects were compared and their existing content was revealed. The peculiarities of the Hikmet language were also noted and statistical data of Arabic and Persian words that took place in use were shown.

Keywords: loanwords, Hikmet words, Turkish language, Arabic language, Persian language, religious language.

Н.Б. Мансуров

кандидат филологических наук

*Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави
(Казахстан, г. Туркестан), e-mail: nurlan.mansurov@ayu.edu.kz*

Появление арабских и персидских слов в хикметах Ясави

Аннотация. В статье рассматривается происхождение арабских, персидских слов из хикметов Ходжи Ахмета Ясави. Основной принцип исследования состоит в том, чтобы выделить, почему были необходимы заимствованные слова, выявить наличие религиозных тем, которые послужившие основанием для их употребления, и зрелость религиозных знаний Ясави. Тем самым показать духовную природу общей для тюркского народа личности, описать смысл его религиозных и духовных учений.

Подобные поиски систематически выявляют содержательный характер Хикметов Ясави и раскрывают смысл заимствованных слов в нем, а так же дают возможность осмыслить их лексико-семантическое значение. При этом для глубокого понимания хикметов Ходжи Ахмеда Ясави возникает необходимость определения смыслового характера употребляемых в нем слов. Поэтому важно проанализировать лингвистическое использование древней мудрости, а также арабских и персидских слов и выражений. Это, в свою очередь, будет основной причиной для понимания мудрости и прояснения конечной цели каждой мысли и значения языкового употребления в хикметах. По этой причине в статье в качестве объекта исследования рассматривались арабские и персидские слова в хикметах.

В ходе исследования были проанализированы заимствованные слова в хикметах Ясави и выделены значения. Были сопоставлены значения эффектов и раскрыто их существующее содержание. Также были отмечены особенности языка хикметов и показаны статистические данные арабских и персидских слов, которые имели место в употреблении.

Ключевые слова: заимствованные слова, слова хикметов, турецкий язык, арабский язык, персидский язык, религиозный язык.

Кіріспе

Күллі түркі жұртына танылған Ясауи мұраларының түркі жазба әдебиетінде, көне түркі тілдері мен ауыз әдебиетінде алар орны ерекше. Даналықты арқау етіп, кемелдікті жырлаған тұлғаның мұралары барша түркі халықтарына ортақ. Ол бүгінгі түркі тілдерінде бірнеше рет жарық көрді. Сондай-ақ біршама ғылыми-зерттеу жұмыстарына өзек болды. Қазақ тілінде баба мұрасын зерттеуде өз үлестерін қосып келетін еңбектер біршама жарияланды. Кешегі кеңес заманын айтпағанның өзінде, егемендікке қол жеткізген соңғы отыз жыл ішінде ясауитану саласы бойынша іргелі жұмыстар атқарылды. Оның мұрасы әдеби, мәдени, философиялық тұрғыдан зерттеліп, зерделенді. «Диуани хикмет» еңбегі бірнеше рет аударма жасалып, оқырман назарына ұсынылды. Солардың қатарында М. Жармұхамедұлы, С. Дәуітов, М. Шафиғовтар дайындаған «Диуани хикмет (Ақыл кітабы. Алматы, 1993)», Қ. Қари, Ғ. Қамбарбековалар жариялаған «Диуани хикмет (Даналық кітабы. Тегеран 2000)», тілдік тұрғыда аударма жасап, ежелгі дәуір туындысы ретінде ұсынған Б. Сағындықовтың «Дивани хикмет» еңбегі, хикметтер атымен аударма жасалған нұсқасы (Хикметтер. Астана, 2002), сондай-ақ Х. Иманжанов, Ө. Ибатов, З. Жандарбек, А. Нұрманова, Ө. Бөкебаев сияқты ақындар мен ғалымдардың еңбектерін, «Диуани хикмет» аудармасына қоса араб әрпімен терілген әрі сөздігін қоса жариялаған жарияланымдар (Диуани хикмет. Түркістан, 2010), Ясауитану ғылыми-зерттеу орталығы ұсынған «Пақырнама» еңбектерін атауға болады (Пақырнама. Түркістан, 2021).

Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінің мәні мен мазмұны өте ерекше. Оның бірден-бір ерекшелігі – сопылықтың діни қасиетін бейнелеген. Хикметтердің даналық сипаты әрқайсысы өз алдына өлең жолдарымен берілгендігінде. Хикмет сөзі араб тілінде *حکمت* (хикмет) *حُكْمٌ* (хәкума) ақылды болу етістігінен туындаған *حُكْمَةٌ* даналық мағынасындағы есім сөз [1, 187]. Ал «Диуани хикмет-Даналық өлеңдер жинағы» мағынасындағы тіркес. Өйткені *دِيْوَانٌ* (диуан) араб тілінде өлеңдер жинағы мағынасында қолданылады [1, 270].

Жалпы, «хикмет» сөзі – ерте кезеңдерде кең қолданыс тапқан сөздің бірі. Түркілер өлең жолдарын осылай атаған. Мұндай үлгідегі туындылар көптеп саналады. Демек, «хикмет» ерте замандарда өлең жолдарының аталуына негіз болған болса керек. «Анадолы түркілерінде, бұл түрдегі сопылық өлеңдер қалай «иләһи» деп аталса, Шығыс түркілерінде Ахмет Ясауидің және сол стильде өлеңдер жазған басқа дәруіштердің шығармалары «хикмет» деп аталады. Осы себептен «Диуани хикмет» есімінің тек қана Ахмет Ясауидің өлеңдер жинағына тән есім емес екендігі, тіпті бұл атаудың кейіннен берілуі әбден мүмкін. Одан бұрынғы ғасырлар жайында қолымызда нақты дерек болмағанымен, шамасы, X ғасырдан бері мұндай өлеңдерге «хикмет» аты берілгенін анық білеміз», - дейді Фуат Көпрүлү [2, 121-б.].

«Диуани хикмет» атауымен берілген Қожа Ахмет Ясауидің өлеңдер жинағы өз заманындағы қарапайым әрі ислам негіздерін арқау еткен туынды. Тура жолды негіз етіп, оны қарабайыр халыққа қарапайым тілде жеткізуді мақсат еткен тұлғаның ұстанымы – Хақ тағала жолын ұқтыру әрі оны дұрыс көрсету. Бұл ретте оның хикметтерінің мазмұны діни әңгімелерге құрылған, өлең ұйқастары жаратушыға сыйынуды бұйырады. Қасиетті Құран үкімдеріне бағынып, Пайғамбарымыз (с.а.у.) сүннет жолымен жүруді насихаттап, сиратул мустақим жолында жүруді басшылыққа алады. Сол себепті жалпыхалық оны дұрыс ұғынып, ол хикметтерден бас тартқан емес. Мұндай хикметтерді кейінгі қалам иелері өз туындыларына қосып, орынды қолданып, заман ағымына орай әрі қарай дамуына септігін тигізген.

Жалпы алғанда, хикметтер көнеден Ислам дінін, сонымен бірге ұлттық сипаттағы ұстанымдарды рухани негіз етіп, поэтикалық пішін мен ырғақты сақтап, дүниеге келген өлеңдер жинағы. Сондықтан ол түркі әдебиетінің көне әрі маңызды жәдігерлерінің бірі саналады.

Зерттеу әдістері

Мақалада араб, парсы кірме сөздерінің түпкі мағынасын салыстырмалы түрде саралау үшін салыстырмалы әдіс қолданылды. Теориялық деректер кірме сөздердің фонетикалық нұсқалары мен хикметтердегі қолданысы жайлы айтқан отандық және шетелдік ғалымдардың пікірлері негізінде талдау әдісі қолданылды.

Кірме сөздерді тарихи тұрғыда салыстыру мақсатында әрі олардың қолдану тақырыптары мен статистикалық мөлшерін анықтау үшін лингвостатистикалық әдістер қолданылса, зерттеу материалдары ретінде араб, парсы тілдерінің аударма және түсіндірме сөздіктері басшылыққа алынды.

Талдау мен нәтижелер

Қожа Ахмет Ясауи Ислам діні ілімдерін жетік меңгерген. Оны шын жүреппен қабылдап, талаптары мен шарттарын, сондай-ақ Пайғамбарымыз (с.а.у.) хадистеріне толық амал еткен. Ол жастайынан Пайғамбарымыз (с.а.у.) сүннетін берік ұстанған. Сондықтан жасы алпыс үшке келген кезде мына фәни дүниені тәрк етіп, қылуатке түсуі, оның сенім беріктігін танытады. Ал қылуатке түскен кезде Алла тағалаға зікір етіп, құлшылық жасауы жаратушыға деген шынайы сенімін аңғартады.

Міне осындай ұстанымды негіз еткен Қожа Ахмет Ясауи өз хикметтерінде шариғи үкімдерді жырға қосты. Оны насихаттап, адамзат баласына жеткізуде сол кездегі түркі тілі арқылы үн қатты. Сол тіл арқылы заманына негіз болған түркі мәдениетін сақтауды да назардан тыс қалдырмады. Оны негізге алып, қарабайыр халыққа жалпақ түрде, барлығы түсінетін тілде ұсынды. Әрине, сөздік қолданыста араб, парсы тіліне қол салғаны анық. Өйткені тілдік тұрғыда бұл тілдерді меңгергені арқылы олардың әдебиетінен де жақсы хабардар болғаны, осы аталған тілдерді пайдалануға мүмкіндік берді. Сондықтан оның хикметтерінде араб, парсы сөздері көптеп орын алды. Мұның басты себептері хикметтердің арқау еткен мәселелеріне де байланысты. Бірінші, Ясауи хикметтер тақырыптарын дінге және сопылыққа қатысты дүниелерді негіз етуі. Яғни ол сол кезеңде қалыптасып, қолданысқа еніп үлгерген діни терминдерді алуға мәжбүр болды. Өйткені түркілер жаңа қабылдаған діннің заңдарына, сопылыққа қатысты түсініктерді тек Құран Кәрімнің тілінен және сол түсініктерді өздеріне осы жолмен жеткізген парсы ғалымдарының шығармаларынан ғана алуы мүмкін. Екінші, исламды қабылдағаннан кейін түркілер арасында араб, парсы тілдерінен алынған сөздер, әрине, көбейді және жалпыхалық оларға мейлінше үйренді. Сондықтан Ясауи мұны да ескере отырып, халыққа үн қатқанда шет тілдерден енген сөздерді қолданудан тартынбады [2, 145–146-бб.].

Бүгінде мұндай тілдік қолданыстар түркі халқына ортақ тұлғаның рухани болмысын танытуда, оның діни-рухани тағылымын кешенді түрде қарастыруды алға тартады. Бұл кешенді ізденістер жүйелі түрде жүзеге асар болса, онда Ясауи хикметтерінің мазмұндық сипаты айқындалады. Хикметтерден орын алған діни терминдердің мағынасы айшықталып, олардың лексика-семантикалық сипатының мәні ашылатын болады.

Сөз жоқ, Қожа Ахмет Ясауи шығармасын терең түсіну үшін хикметтердің мәнін ұғыну керек. Бірінші кезекте, жоғарыда сөз еткен діни терминдердің мағынасын ашу қажеттігі туындайды. Сонау көне заманда жазылып, хатталған шығарманың тілдік қолданысын, яғни діни мазмұндағы сөздер мен сөз тіркестерін талдау қажет. Өз кезегінде мұның хикметтерді түсінуде алар орны ерекше. Расында, хикметтер қазақша аударма түрінде жарияланды. Алайда оның айтар тұжырымы мен мақсаты толығымен ашылды ма? Осы өте маңызды. Сондықтан хикметтерді тілдік тұрғыда талдау өзекті. Онда келтірілген қасиетті Құран аяттары мен Пайғамбарымыздың (с.а.у.) хадистеріне түсінік беру, олардың Ясауи шығармаларындағы сабақтастығының мәнін ашу бүгінгі заман талабы. Ал мұндай ізденістер хикметтердің тақырыптары аясында талдауды алға тартады. Өйткені бүгінге дейін «хикметтер тілі» жеке дара еңбек ретінде зерттеу нысанына айналған емес. Яғни, Ясауи

шығармаларының тілін зерттеп-зерделеу кенже қалып барады деуге болады. Әрине, мүлдем қаралмады дегеннен аулақпыз. Кезінде белгілі тілтанушы Р. Сыздықованың «Ясауи «Хикметтерінің» тілі» атты еңбегі осы олқылықтың бастауы болды деп атаған орынды [3].

Еңбек құнды әрі маңызды мәселелерді алға тартады. Ол төрт тараудан тұрады: I тарау – қолжазба мәтінінің фонетикалық жүйесі, фонологиялық заңдылықтар, қолжазбаның транскрипциясы және қолжазбаның емлесі жайлы; II тарау – хикметтер тілінің лексикасы, түркілік қабат, араб, парсы тілдік қабаты мен фразеологизмдер; III тарау – хикметтер тілінің морфологиялық сипаты, сөз таптары, сөзжасам, септеу категориялары мен тәуелдік тұлғалары; IV тарау – хикметтер тілінің көркемдік сипаты, тілдік негізі, т.б. қамтиды. Бұл өте келелі зерттеу әрі бұрын-соңды қазақ тіл білімінде Ясауи тіліне жасалған мұндай тілдік тұрғыдағы еңбек болған емес.

Әрине, Ясауи хикметтері тіліне орай өзге ғалымдардың зерттеулері мен айтқан пікірлері жетерлік. Атап айтқанда, П.М. Мелиоранский, К. Залеман, С.Е. Малов, А.К. Боровков, А.Н. Кононов, Н.А. Баскаков, А.М. Щербак, Ф. Көпрүлү, К. Ераслан, Ә. Нәжіп, Э. Рустамов, т.б. Сондай-ақ соңғы жылдары бұл салада бүгінгі талаптар негізінде зерттеу жасаған ғалымдар да бар. Ясауи мұрасының тілін, стилін жан-жақты саралап, грамматикалық ерекшеліктерін негіз еткен PhD доктор С. Утебековтың хикметтердің морфонологиялық сипаты, анатомиялық атаулардың қолданысы, діни терминдердің түркілік қабаты, т.б. негіз еткен диссертациялық еңбегін атауға болады [4].

Қожа Ахмет Ясауи шығармалары көптеген ғалымдардың назарынан тыс қалмаған. Олар оның шығармалары арқылы сол кезеңнің дәстүрлерін, әлеуметтік мәселелерін, дін мен тілге тигізген әсерлерін негіз етіп, сол үшін «Диуани хикмет» еңбегін құнды санап, ерекше атап өткен. Сондай ғалымның бірі – Қ. Жұбанов. Ол өзінің Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани Хикмет» еңбегі туралы ойын былайша тұжырымдайды: «Қожа Ахмет Ясауи – көп оқыған адам. Ол араб, парсы тілдерін білген. Бірқатар әдебиет, аңыздарды да білетін тәрізді. Оның «Диуани Хикметі» өз кезіндегі Ислам дінін тұтынушы жалпы түрік елдерінде ардақты кітап болған. Өйткені, «Диуани Хикмет» жалғыз дін дәстүрлерін ғана емес, ақыл-нақыл және жағымды әлеуметтік хұлық мінездерді де үйреткен. «Диуани Хикмет» деген кітап атының мәнісі де «Ақлият сөздердің жинағы» деген болады. ... Тіл зерттеу үшін де немесе ол кездегі халқымыздың түрін зерттеу үшін де «Диуани Хикметтен» бірқатар құнды деректер табылары даусыз» [5, 320-б.].

Расында, «Диуани хикмет» тақырыптық тұрғыда тек дінді насихаттауды ғана негізге алмайды. Онда айтылар ойлар қыруар. Даналыққа негізделген еңбек адамзат баласының қалыптасуы үшін білімді, даналықты, шыншылдықты, әділдікті, мінез-құлықты, т.т. қамтиды. Дәстүр мен мәдени жетілу де хикметтің басты тақырыптарының бірі. Әрине, тілдік таным да аса маңызды. Сол кезеңдегі тілдік қолданыстар, айналымға енген орамдар, т.т. үшін де құнды деректер ұсына алады.

Ислам дінінің орнығып, халықтың санасына сіңісіп, күнделікті өмірде де қалыптасып, дәстүрмен сабақтасып келетінін де «Диуани хикмет» еңбегінен толық көре аламыз. Алайда шығыстық үрдісті емес, сол кезеңде түркілік ұстанымды негіз еткен тұлғаның діни мазмұнда хикметтер арқылы даналықты насихаттауы маңызды саналған. Сонымен жалпы түркі жұртына қадірлі болған. Ал тілдік тұрғыда араб, парсы һәм түркі тілдерін қолданған. Мұны «Диуани хикмет» еңбегіне жасалған статистикалық мәліметтер арқылы көз жеткізуге болады. Қожа Ахмет Ясауи – білімі терең, шариғи сауаты да толық адам, араб, парсы тілдерін де жақсы білген. Сондықтан аталған тілдерді қолдану оған көп мүмкіндік берген.

Қожа Ахмет Ясауидің терең білімі, оның тілдік қолданысында араб, парсы сөздерін еркін айналымға ендіріді. Десе де, түркі тілінде ұсынудан бас тартқан емес. Ал өзге тілдегі сөздердің басым болуы өз заманында белең алған араб тілінің дін тілі ретінде кең етек жаю болса, парсы тілі сол кезеңдегі әдеби тілдің негізі ретінде қолданылуы деп білу керек. Міне

осындай шығыстық тілдерді қолданысқа ендіруіне себеп болған басты мәселенің бірі осы. Ал оның ізденімпаздығы, білім құмарлығы, сондай-ақ қабілет-қарымы оған аталған тілдерді меңгеруіне мүмкіндік берді. Оған қоса өз заманында қарқынды дамып, дін тілі ретінде танылған араб тілін меңгеруі бала кезден білім көзін ашқан тіл болды. Парсы тілі болса сол кезеңде әдеби тіл белесіне жеткен еді. Сол себепті Қожа Ахмет Ясауи бұл тілдерді жақсы игерді. Соның арқасында ол тілдердің сөздерін жатсынбай еркін айналымға ендірді. Алайда қолданыста кірме араб, парсы сөздері көбірек орын алса да айтар ойдың негізгі мазмұнын түркі тілінде ұсынды. Өйткені арабша, парсыша білмейтін жалпыхалыққа өз тілінде, яғни түркі тілінде үн қатуды қажет санады.

Мұндай пікірді кезінде Ф. Көпүрүлү айтқан болатын: «...араб ілімі мен парсы әдебиетін, әрине, жетік білгенімен, шәкірттеріне олар түсінетіндей бір тілде үн қату қажеттілігі туды. Иран мәдениеті әсерінде қалған басқа сопылар сияқты парсыша жазбай, түркіше жазды және тариқатқа кіру әдебін арабша, парсыша білмеген Түркі дәруіштеріне түсіндіру үшін халық әдебиетінен алынған қарапайым пішінмен парасат, адамгершілік және сопылық жайында өлеңдер жазды» [2, 73-б.].

Осы ұстаным мынадай өлең жолдарынан да анық көрініс табады:

Жолбасшы-дүр Қожа Ахмет, гүлістан мағрифат,

Сөздер сөзі хақиқат, ашар көңіл мүлкін(і).

Міскін әлсіз Қожа Ахмет, жеті тегіне рахмет,

Парсы тілін біліп-ап, құп айтыпты түркін(і) 151-хикмет [6, 181-б.].

Парсы тілі тарихи тұрғыда ең көне тілдердің бірі. Оның көнеде өзінің жазуы болғандығы айтылады. Сол себепті классикалық тіл саналатын парсы тілі көне заманда әдеби мұралардың жазба дәстүріне ие болған. Орта ғасырларда парсы тілі әдеби тіл ретінде Орта Азияда кең тараған. Сөз жоқ, VIII ғасырдан кейін екі ғасыр араб тілінің үстемдік еткені бар. Міне осы кезеңде парсылар арабтармен көршілес болған соң олардың да дінге, сол арқылы тілге әсері болды. Терминдер, оның ішінде діни терминдер парсылар арқылы түркі тіліне енді. Соның нәтижесінде діндегі пайғамбар сөзі, бес уақыт намаз атаулары, кейбір адам есімдері, асыл тастардың атауы, т.т. қолданысқа енді.

Парсы тілінде орта ғасырда шығармалар жазылып, түркі тіліне өз ықпалын тигізгендігін де атаған орынды. Айталық, X ғасырда Фирдаусидің «Шахнамесі», тарихи туынды саналатын Рашид ад-Диннің «Джами ат-Тауарих», Шарафиддин Али Язидидің «Зафарнаме» еңбектері, т.б. парсы тілінде жазылды. Сондай-ақ Қожа Ахмет Ясауидің «Рисала дер макаматы Арбағин» атты шығармасы парсы тілінде жазылды [7, 21-б.]. Шығармада шарифат, тариқат, мағрифат және ақиқатқа тиесілі әрқайсысы он-оннан жалпы қырық мақам мен оның қағидалары берілген.

Хусамеддин Хүсейн Әли Сығнақи, Рисала Хусамеддин Сығнақи (Менақыбы Ахмет Ясауи-Ясауи туралы аңыз-әңгімелер) Хусамеддин Сығнақидің (ө.ж. 711/1311–1312) Қожа Ахмет Ясауи туралы аңыз-әңгімелер жазылған ең көне шығарма да парсы тілінде жазылған трактат [7, 22-б.].

Мұндай қолжазбалар екі елдің арасындағы мәдени байланыстарды көрсетіп қана қоймай, олардың бір-біріне ықпалын айқындайды. «Түркілер исламның көптеген элементтерін тікелей арабтардан емес, ирандықтар арқылы алды. Ислам өркениеті түркілерге Иран мәдениетінің орталығы болған Мауреннахрдан Қорасан арқылы жететін» дейді Ф. Көпүрүлү [2, 19-б.].

Бұл түркі халықтарының парсылармен ертеден қарым-қатынаста болғандығын аңғартады. Өйткені түркі халықтары иран халқымен исламнан бұрын да тығыз қарым-қатынаста болғандығы ғалымдар тарапынан айтылып келеді. «Көне түркі тайпаларының Орта Азияда ынтымақтасуы, түркі және иран тілінде сөйлеушілердің бір-біріне жақындасуы

мен араласу кезеңі эрамыздың бірінші ғасырында басталған» деген мәліметтер осы пікірлерді растайды [8, 45-б.].

Кезінде Орта Азия халқына Исламды дұрыс түсіндіру үшін парсы тілін пайдаланғандығы, онда намазда ғибадатта парсы тілін қолдануға рұқсат етілгендігі де жоғарыда айтылған ойларды айғақтайды [9, 363-б.]. Сол себепті қазіргі қазақ тілінде бес уақыт намаздың атауы парсы тілінде қолданылады. Олар: *бамдат, пешин, намаздыгер, шам, құптан*. Сондай-ақ парсы тілі арқылы тілімізге енген *дос, дұрыс, рас, нан, ас, наурыз*, т.б. сөздерге қоса сөз жасауға негіз болатын *-паз, -кер, -хана*, т.б. қосымшалар тілімізге сіңісіп кеткен.

Ислам дінінің Орта Азия өлкесіне таралуына бір ғана арабтардың әсері емес, парсы-иран мемлекетінің де өз кезегінде белгілі дәрежеде үлес қосып, түркі тілдеріне парсы-иран сөздерінің орын алуына жағдай жасағаны байқалады. Қазіргі қазақ тіліндегі ислами әдебиеттерде жиі кездесетін *Құдай, періште, пайғамбар, ұжмақ, тозақ, бейіш, тамұқ, намаз, пір, ораза, күнә, молла, шиан*, т.б. сөздердің барлығы араб сөздері емес, парсы-иран сөздері [10, 10-б.].

Қожа Ахмет Ясауидің ұлттық танымы сипатында өз тілінде ақиқатты, шариғи үкімдерді негізге алуды басты назарда ұстағаны белгілі. Өйткені ол араб, парсы тілдерін білсе де, түрік тілінде жазып, сол тілде аталған ақиқатты, шариғатты жеткізді. Біздің түсінігімізше ол тілді құрал ретінде пайдаланды. Біріншіден, дінді осы тілмен түсіндіруге болатындықтан, екіншіден, қоғамдық татулық, бірлік пен өзара төзімділіктегі діннің маңызын қоғамға өз тілімен жеткізу үшін қолданды. Өйткені хикметтер қоғамның барлық сатыларында баршаға түсінікті метод пен деңгейде діни және моральдық-этикалық міндеттемелердің орындалуына қатысты үндеулерге толы [11, 80-б.].

Орта ғасырлардағы түркі элитасы көптілділікті, мәдениеттер сұхбатын үйрене және дүниетанымын кеңейте отырып, әрдайым өз этникалық бейнесін сақтап қалды, өз тілін және көне дәстүрлерін құрмет тұтты. Ислам дәуірінде түркілердің ешқайсысы еш аумақта өз тілін жоғалтпаған. Керісінше, түркілер өз қатарынан энциклопедист ғалымдарды, дарынды қолбасшыларды шығара отырып, біртұтас ислам өркениетінен өзіне лайықты орын алды [12, 146-б.].

Белгілі түркітанушы ғалым Ә. Нәжіп «...XI-XV ғасырлар аралығында жазылған мұраларды жан-жақты зерттей келе, бұл кезеңде бірнеше әдеби тілдердің болғанын айтады. Ғалымның айтуынша, Қараханид дәуіріндегі қарлұқ-ұйғыр әдеби тілімен қатар, XII ғасырда Сырдарияның төменгі жағында қыпшақ-оғыз әдеби тілі өмір сүрген. Қожа Ахмет бабамыз өз өлеңдерін осы тілде жазған» деген пікір қалдырған [13, 113-б.].

Ясауи тілі жайлы әр түрлі пікірлер бар. Айталық, алман ғалымы М. Хартман шағатай тілінде жазылған десе, мажор ғалымы Г. Вамбери «Диуани хикмет» тілін қоқан диалектісі деген болатын [2, 200–202-бб.].

Ә. Нәжіп мақаласында: «Ясауидің «Хикметі» – қазақтың төл әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің бастау кезінде тұрған тарихи мәні зор ескерткіш», - деп жазды.

Ясауи хазіреттері сол дәуірдің дін және мәдениет тілі – араб және парсы тілдерін өте керемет меңгергеніне қарамастан, халқына Исламды және Құран Кәрімді алғаш рет ана тілі болған түркі тілінде түсіндіріп, Ислам дінімен енді танысқан түркі халқының дінді дұрыс түсінуіне септігін тигізді. Шынында, Алтайдан Анадолыға дейінгі ұланғайыр иен далада қолданылған түркі тілі ғылым, сүйіспеншілік, даналық және білім тіліне айналды. Қожа Ахмет Ясауи Ислам қағидалары аясында халыққа өз дәстүрлерін сақтауды үйретіп, Алланы тану жолдарын одан әрі кеңейтті. Осылайша Ясауи өз мәдени құндылықтарын ескере отырып, басқа Ислам түсініктерінен, соның ішінде араб дәстүрлерінен өзгеше Ислам түсінігін қалыптастырды. Сондықтан, Қожа Ахмет Ясауидың түркі әлеміндегі маңызы – түркі мәдениеті мен өркениетінің Исламның негізгі қағидаларына қайшы келмейтін

ұстанымдарын сақтай отырып, Ислам ережелері бойынша өмір сүру жолын көрсете білуінде [12, 11-б.].

Ондағы мақсаты – әр байламның түп қазығын жеткізу. Сол арқылы әр айтылған сөздің мәнін ұқтырса, онда айтар ойдың мазмұны сипатталғаны деп түсіну керек. Сол себепті ол әр айтылған сөзге ерекше мән берген. Мұны өзінің мынадай жолдарынан да аңғаруға болады:

Ол – *Мұхаммед Хақ Расулы* деді бізге,

Жалғаншыға *жәннат* жоқ-дүр «*уаллах*» аңа,

Жалған сөйлеп *имансыз* кетпең(дер), достар. *41-хикмет* [6, 52-б.].

Келтірілген хикметте Пайғамбарымыз (с.а.у.) есімі *Мұхаммед* негіз болуы оған берілген елші ұғымындағы *Расул* сөзінің *Хақ*-шын болғандығы, ал жалғаншыға *жәннат* жоқ екендігін «*уаллах-Алла*» сөзімен ант етіп, *имансыз* кетпеуді насихаттайды.

Хикметте араб тіліндегі дінге байланысты *Мұхаммед*, *Хақ*, *Расул*, *жәннат*, *иман* сөздері араб әріптерімен, өзінің түп нұсқасында берілген. Мазмұны да айтар ұғымға сай әрі мағыналық жағынан үйлесімін тапқан. Бұл сөздердің осындай сипатта қолданыс табуы Қожа Ахмет Ясауидің ақындық шеберлігінің бір көрінісі деп тануға болады.

Араб тілін пайдаланып, араб әріптерімен жазу Ясауи дәуірінде кең етек алды. Ол араб тілінің графикалық әрі фонетикалық жүйесіне негізделіп жасалды. Мұндай себептер араб тілінің қалың бұқара арасында дінді білу, үйрену, оны тану әрі мұсылмандық міндеттерді орындау үшін де дін тілі ретінде қажетті дәрежеде кең тарады. Нәтижесінде дін тілінің негізі болған араб тілінен енген сөздер көне түркілік сөздік қордан орын алды.

Айналымға енген сөздермен қоса сөз тіркестері, тіпті кей сөйлемдердің құрылысы да қолданысқа енді. Өйткені Ясауи өмір сүрген дәуірде Ислам діні дін ретінде толық қабылданып, оның жандануына араб тілі өз үлесін қосқан болатын. «Ал Ислам дінінің жандануы оның ресми тілі – араб тілінің, Құран сөзінің бел алуына әкеп соқты. Осы себептен Ясауи хикметтері сияқты діни әдебиеттің тілінде араб, парсы сөздері молырақ болуы, ол үшін мәтіндегі түркі сөздерін арабша, парсыша эквиваленттермен алмастырулары түсінікті болып шығады» [3, 43-б.].

Жалпы алғанда, діни мамандар қашанда мұндай кірме сөздердің көп ретте, әсіл нұсқасын қолдануды жөн санайды. Осы үрдіс күні бүгінге дейін солай болып келеді. «Діни саладағы мамандар мен Ислам дінін уағыздаушылардың арасында араб тілін канондық тіл ретінде қабылдап, соған сәйкес діни сөздерді түпнұсқадағы тұлғасымен дыбыстап әрі жазуды жөн көрсе, өзге тіл тұтынушылары қазақ тілінің игерілген нұсқасын қолданады» [14, 44-б.].

Араб, парсы тілдерінен сөз ауысуы қазақтың халық болып қалыптасуынан сан ғасыр бұрын басталды. Ал олардың тілдік тұрғыда игерілуі тұлғасы жағынан, дыбысталуы мен семантикалық жағынан да әр түрлі дәрежеде болды. Себебі араб, парсы кірме сөздерінің барлығы бірдей сөздік қордан орын алмады. Кей сөздер сыртқы тұлғасы мен түпкі мағынасын сақтап қолданылған болса, олар ұзақ уақыт айналымға енгізілмеді. Араб, парсы тіліне жетік болған мамандар мұндай сөздерді еркін пайдаланса, өзгелерінде олар толық қолданыс таппады. Ал кейбірі бұл сөздердің өңделген нұсқасын өз мағыналық үйлесіміне сәйкес қолданды.

Әрине, араб, парсы тілдерінен енген сөздердің біршамасы сөздік қордан орын алып, төл сөздей болып, сіңісіп кеткені де бар. Олардың дені кірме сөз екендігін ажыратуға келместей болғандар. Айталық, *ар*, *абырой*, *ақыл*, *бақыт*, *дүние*, *зат*, *қызмет*, т.б. сөздер кірме екендігіне қарамастан әбден сіңісіп, ұзақ уақыттан бері айналымға енген. Бағзылары лексикалық қордан орын алып, әлі күнге дейін қолданыста бар сөздер. Тіпті олардың арасында тілімізде жаңа сөздер жасауға ұйытқы болып қызмет ететіндері қаншама.

Жалпы алғанда, тіліміздің лексикалық қорынан күні бүгінге дейін толық орныға алмай, әлі күнге дейін жарыса қолданылып келетін біршама кірме сөздер бар. Оның ішінде сыртқы тұлғасы жағынан қашанда оқшауланып тұратындары да жетерлік. Сонымен бірге тілімізге

сіңісіп, әбден орнығып, байырғы сөздей жымдасып кеткендері де аз емес. Олар сөздік қорға еніп, тұрақтанған әрі тілде жиі қолданылып, жалпыхалыққа түсінікті болған сөздер. Хикметтер тілінен орын алып, түп-төркіні араб, парсы тілдеріне тиесілі болған мынадай сөздердің қолданысы осы айтылғандарды аңғартады: *адам, ақыл, әлем, бақыт, дүние, есеп*, т.б.

Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінің тілінен орын алған араб, парсы сөздері көп ретте өзінің түпкі тұлғасын сақтап қолданыс тапқандығын көреміз. Олар: *сәни, пәйуәнд, мазлұм, хәбиб, қариб, кәһіл, бихамдилләһ, ин`ам, әл-уида, ускут, халис, мухлис, иллә, сижжсин, һиләл, қалам, пәйам, пенһан, гүмраһ, һәмраһ, хәмд*, т.б.

Олардың хикметтердегі үлгісі мынадай:

Сөзді айттым, әр кім болса дидар талап,
Жанды жанға *пәйуәнд* қылыб *рәғни* аулап,
Ғаріп-жетім, пақырлардың көңілін аулап,

Көңілі бүтін халайықтан қаштым мен (де). *1-хикмет* [6, 6-б.].

Ясауидің тілге таяныш қылып айтқан әр сөзі талап еткен жандарға арналған. Сондықтан *пәйуәнд* сөзі әрі қарай жанды жанға *жалғастыру* мағынасында *қан тамырын* шымырлатып, жетім, пақырлардың көңілін аулауды мақсат етуді негізге алады.

Пәйуәнд – парсы тілінде *жалғастырушы* мағынасындағы сөз [15, 337-б.]. Ал *рәғ* сөзі *қан тамыры* мағынасын береді [15, 729-б.]. Парсы тіліне тиесілі болған аталмыш сөздер өзінің түпкі мағынасын әрі сыртқы тұлғасын сақтап қолданыс тапқан. Сондықтан олар ұғымға сай, айтар ойға негізгі тірек ретінде өзге сөздермен сабақтаса орын алған.

Әрі қарай:

Қайда көрсең көңілі сынық демеуші болғын,
Ондай *мазлұм* жолда қалса сүйеуші болғын,
Махшар күні дәрғаһына жақын болғын,

Менмендік халайықтан қаштым мен (де) *1-хикмет* [6, 6-б.].

Көңілі сыныққа демеуші болып, *жәбір көріп, жапа шеккендерге* сүйеуші болуды махшарда жанынан табылуды үндейді. *Мазлұм* араб тіліндегі *ظلم* (*залама*) *әділетсіздік жасау, ренжіту* етістігінен туындаған *مظلوم* (*мазлум*) *әділетсіздікке төзген, ренжіген* ұғымындағы сөз [1, 491-б.].

Хикметте қолданыс тапқан *мазлұм* сөзі өзінің түп нұсқадағы тұлғасын сақтап, мағынасы да осы ұғымда Ондай *мазлұм* жолда қалса сүйеуші болғын, яғни *мазлұм* сөзі өзінің араб тіліндегі *әділетсіздік көрген, ренжіген* жанға сүйеуші болу деген түпкі мағынасында берілген.

Мұндай үлгіде қолданыс тапқан кірме сөздер хикметтер тілінде біршама орын алған. Мысалы, келесі хикметте келетін сөздер өзара үйлесімдік тауып, бірімен бірі сабақтасып келеді:

Мәдинаға Расул барып болды ғаріп,
Ғаріптікте бейнет тартып болды *хәбиб*,
Жапа шегіп Жаратқанға болды *қариб*,

Ғаріп болып, бөгеттерден астым мен (де). *1-хикмет* [6, 6-б.].

Ғаріптікті негіз етіп, Мәдинеге барып ғаріп болған Расуліміздің бейнет тартып *хәбиб* болғаны сол арқылы жапа шегіп, Жаратушыға *қариб* болуы бөгеттерден асқандығы хикметте арқау етілген.

Хәбиб араб тілінде *حَبَّ* (*хәббә*) *ғажық болу, сүю* мағыналарындағы етістіктен жасалған *حبيب* (*хәбиб*) *сүйікті* есім сөз [1, 153-б.].

Сөздің хикметтегі қолданысы да осы ұғымда, өзінің түпкі тұлғасын сақтаған. Өйткені Пайғамбарымыз (с.а.у.) Мәдинаға барып, Жаратушының сүйіктісіне айналды. Әрі қарай ұйқасқа сәйкес Жаратушыға жақын болды. Оның жақындығын аңғартып тұрған араб

тіліндегі қариб сөзі. Қариб араб тілінде قریب (қариб) жақын мағынасындағы сын есім [1, 630-б.].

Қожа Ахмет Ясауи дінді жақсы білген соң ондағы ұғымдарды сол қалпында пайдаланды. Онда сөздер мен сөз тіркестерін сол түпкі нұсқада қолданды. Айталық, *арш*, *лауһ*, *кәлам*, т.б. сөздер мен *айн-ал йақин*, *илм-ал йақин*, *кираман катибин*, *жаннат-ул фирдаус*, *раббул аләмин*, т.б. сөз тіркестері.

Кейде кісі есімдерін де жиі қолданып, көп ретте Пайғамбарымыз (с.а.у.) туыстарының есімдерін пайдаланды. Олар: *Абдулла (Пайғамбардың (с.а.у.) әкесі)*, *Әбдімүтәліб (Пайғамбардың (с.а.у.) атасы)*, *Әбубәкір алғашқы халифа (Пайғамбарымыз (с.а.у.) жары Айшаның әкесі)*, *Әбужаһил (Пайғамбарымыздың (с.а.у.) немере ағасы)*, *Әбуталиб (Пайғамбарымыздың (с.а.у.) немере ағасы)*, т.б.

Сондай-ақ Құран Кәрімде кездесетін жиырма бес пайғамбардың есімдері: *Аюб*, *Зәкәрия*, *Ибраһим*, *Илияс*, *Исмайыл*, *Яхия*, *Юнус*, *Юсуп*, *Мұса*, т.б. Оған қоса Қожа Ахмет Ясауи өз туыстарының есімдерін де хикметтерге қоса сөйлейді. Олар: *Ибраһим (Ахметтің әкесі)*, *Ысқақ баб (Ахметтің он бірінші атасы)*, Ислам тарихындағы атақты сопылардың да есімдері орынды қолданыс тапты: *Әдһәм*, *Біләл*, *Жунайд*, *Мансұр*, *Нәсими*, т.б.

Мұндай қолданыстар сөз жоқ, тақырыптық тұрғыда көп ретте дінді насихаттағандығын алға тартады. Әрине, Қожа Ахмет Ясауи кез келген айтар ойға шариғи үкімдерді негіз етіп, оған айғақ ретінде Пайғамбарымыз (с.а.у.) хадистерін басшылыққа алды. Сондықтан хикметтерде осы мазмұндағы араб, парсы сөздері молынан орнықты. Соның негізінде тіпті кей тақырыптары діни бағытта өрбіді деуге болады.

«Хикметтердің» негізгі тақырыбы ислам діні болғандықтан, осы діннің бірден бір құралы – Құранның тілі – араб тілінің белгілі рөл атқарғандығы даусыз. Аят (Құранның өлең жолдары), хадис (Құранда айтылған аңыз-әңгіме), ахирәт (ақырет), ду‘а (дұға), зикр (зікір), махшар (қиямет күні) деген діни терминдерден бастап, шари‘ат, тарикат, ма‘рифат, хақиқат сияқты сопылық ілімді игеру сатыларын атайтын сөздерге дейін ислам дініне қатысты айтылатын, көбі терминдік мәндегі бірліктер жүздеп саналады. Олар тек сан жағынан ғана емес, қолданылу жиілігі жағынан да көзге түседі [3, 77-б.].

Кірме араб, парсы сөздері мен түркі сөздерінің статистикалық мәліметін ұсынған ғалым Р. Сыздықова «Хикметтер» тіліндегі пайыздық көрсеткіштерді былайша келтіреді: «Хикметтер» лексикасының басымырақ бөлігі – түркі сөздері шамамен 57-60%-дай, ал араб және парсы сөздері 40-43%-дай болып келеді. Мұны шамалап шығару үшін қолжазбамыздағы №2 деп өзіміз нөмірлеген хикметте барлығы 232 сөз қолданылған болса, олардың 155-і түркі сөздері, 82-сі – араб және парсы сөздері, №4 хикметтегі барлық қолданылған сөз 299, оның 159-ы – түркі, 140-ы – араб, парсы сөздері, №61 хикметтің барлық 282 сөзінің 183-і түркілік, 99-ы – араб, парсылық бірліктер (единицалар, яғни сөздер), №47 хикметте қолданылған 204 сөздің арасалмағы – 181 (түркі), 123 (араб, парсы) болып шыққан [3, 69-б.].

Сөйтіп, қолжазба жинақтың (диуанның) басы, аяғы демей, кез келген тұсынан алынған төрт хикметте барлығы 1017 сөз қолданылған болса, оның 573-і – түркі, 444-і – араб пен парсы бірліктері болып шығады екен. Демек, Ясауи лексикасының жартысына жуығын (44,8%) араб пен парсы сөздері құрағандығы айқындалады [3, 70-б.].

Р.Сыздықова Ясауи хикметтеріндегі араб, парсы кірме сөздеріне жасаған статистикалық мәлімет Санкт-Петербургтегі қолжазба (Самарқандтан акад. К.Г. Залеман алып кеткен) негізінде жүргізілген. Ал біз жүргізген статистикалық мәліметтерде кірме сөздердің үлесі біршама аз болып көрінді. Мұның себебі мүмкін хикметтердің аудармасына да байланысты болса керек. Өйткені біз негіз еткен хикметтер 2010 жылы Түркістандағы Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Тұран» баспаханасынан жарық көрген «Диуани хикмет». Онда алғашқы үш хикметті саралағанда мынадай

мәліметтер анықталды: 1-хикметте барлығы 582 сөз қолданылған, оның 215 кірме сөз (36,9%); 2-хикметте барлығы 502 сөз, оның 144 кірме сөз (28,6%); 3-хикметте барлығы 258 сөз, оның 75 кірме сөз (29%).

Осыған қоса біздің «Пақырнама» еңбегіне де қысқаша статистикалық мәліметті саралағанымызда, оның көрінісі мынадай болды. Мәліметімізге орай шамамен барлығы 700-ден аса сөз қолданған. Санаған 700-ге жуық сөздің 365-ке жуығы араб тілінен енген сөз, 210-нан астамы түркі-шағатайша сөздер, 125-ке жуығы парсы тілінен енген сөз. Яғни мәтіннің 52,1 % арабша, 30 % түркі-шағатайша, 17,8 % парсы тілінен енген сөздер құрайды. Мәтін ішінде араб, парсы тілінен енген сөздерге түркі-шағатайша көптік, септік, тәуелдік жалғауларын еркін қосқанын көреміз. Бұл дегеніміз кешегі кеңестік дәуірге дейінгі уақытта араб, парсы сөздерінің еркін әрі кең қолданыста болғанын білдірсе керек [16, 35-б.].

Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінде кірме сөздер арқылы құрылған сөз тіркестерінің орны бөлек. Өйткені олардың да түпкі тұлғасын сақтап қолданыс тапқандары жетерлік. Хикметте келетін мұндай сөз тіркестері аса мол. Олар: *дәфтәрі сәни, иннә фәтәхнә, Хақ Мұстафа, мән раббук?, әмір мәрүф, нәһи мункәр, һай-у һәуас, сәйидәл мурсәлин, хәтимән нәбийн*, т.б.

Хикметтердегі сөз тіркестерінің қолданысы мынадай:

«Бісмиллә» деп баяндайын хикмет айтып,

Тәліптерге дүр мен гауһар шаштым мен (де).

Риязатты қатты тартып, қандар жұтып,

Мен «*дәфтәрі сәни*» сөзін аштым мен (де). *1-хикмет* [6, 6-б.].

Дәфтәрі – *дәптер* тілімізге толық орныға білген сөздердің бірі. Баршаға түсінікті әрі кең қолданыс тапқан сөз. Ал *сәни* – *екінші*, оның екінші болуында емес, қасиетті кітаптан кейінгі құнды болуын негізге алған болса керек.

Бұл тіркестің «сәни дәфтәр» нұсқасындағы үлгісі, яғни керісінше, тіркесуі де қолданыс тапқандығын көруге болады. Тіркескен сөздердің орны ауысқанымен мағынасы, берер ұғымы бір. Оны келесі хикметтен көреміз:

Жаңа-жаңа хикметтерім «*сәни дәфтәр*»,

Ессіз сөзім надандарға қылар әбтәр,

Пайда алмай күннен-күнге болар бетер,

Сөзге жетпей, өзге(ге) назар қылар екен. *89-хикмет* [6, 103-б.].

Сөз тіркестерінің араб тіліндегі нұсқаларының басымы өзінің толық сипатын сақтап, қолданыс тапқандар. Олардың арасында мынадай тіркестердің ерекше орын алатыны көрінеді:

Күл Қожа Ахмет Хақ сөзін сөйлеп өтті,

‘*Айнул йақин* тариқатта боздап өтті,

‘*Илмул йақин* шарифатты сөйлеп өтті,

Хаққул йақин хақиқаттан айттым мен (де). *9-хикмет* [6, 21-б.].

Осы келтірілген жолдарда кірме сөздерді Қожа Ахмет Ясауи айтар ойға негіз еткен. Алайда әр сөздің барынша түпкі қалпын сақтап қолданған, яғни араб әріптерімен, араб тілінде жазып қалдырған.

Араб тілінде *يَقِين* (*иақинә*) *сенімді болу, шынайы болу* етістігінен туындаған *يَقِين* (*иақин*) *сенімді білім, терең сенім* мағыналарындағы есім сөз [1, 919-б.]. Сенім сөзі тірек болған *عين اليقين* (*айнул иақин*) *шынайы сенім, علم اليقين* (*илмул иақин*) *білімді сенім, حقّ اليقين* (*хаққул иақин*) *ақиқат сенім* тіркестерін қалыптастырды.

Әл-Шариф әл-Джурджани «*كتاب التّعريفات*» деген еңбегінде сенім жайлы мынадай анықтама келтіреді:

وقيل: علم اليقين ظاهر الشريعة، وعين اليقين الإخلاص فيها، وحق اليقين المشاهدة فيها

Білімді сенім – таза шарифат, шынайы сенім – шынайы ықлас, ал ақиқат сенім – куәлік ету.

Қасиетті Құран Кәрімнің «Уақиға» сүресі 95-ші аятында былай келеді:

Сөзсіз, міне анық шындық осы – إِنَّ هَذَا لَهُوَ حَقُّ الْيَقِينِ

Қасиетті Құран Кәрімнің аятында келетін сенім – ақиқат сенім. Жалпы, сенім адамзат баласының қоршаған ортасы туралы және ақиқатқа көзқарасы мен қарым-қатынасын анықтау жайлы түсінік, білім, елес деп келеді түсіндірме сөздіктерде.

Адамзат баласы осы үш түрлі сенім баспалдағы арқылы Алланы тану, оның ақ жолынан адастырмауды басшылыққа алады. Мұның түбі де ақиқатқа жетудің ілімі. Сол себепті ілімнің қасиеті жоғары саналады. Өйткені ілім әлемнің барлық сырын ашатын кілт, сондай-ақ барлық өмірдегі сұрақтардың жауабы.

Араб, парсы тілдері мен қазақ тілінің арасындағы ауыс-түйіс сонау ерте замандардан басталғандығы анық. Мұндай жалғастық дәстүр негізінде қалыптасқан тіларалық ықпалдастық соңғы жылдарға дейін үзілмеген. Кешегі кеңестік заманға дейінгі оқу орындарын оқығандар кезінде діни білімдермен сусындағаны белгілі. Яғни ертеректе оқу орталықтарында оқығандар араб, парсы тілдері негіз болған оқулықтардан білім алатын. Сондықтан орталықтарда оқығандардың дерлік барлығы мұсылманша сауатты болды, араб, парсы тілдерін жетік игерді. Олардың қайсысы болсын араб, парсы сөздерін жатсынбай еркін айналымға ендірді. Міне мұндай сауаттылықтың нәтижесінде тіліміздің лексикалық қорынан араб, парсы сөздерінің орын алуы еш уақыт тежелген емес деуге болады.

Жалпы алғанда, қай кезде де Орта Азиядағы оқу орталықтары діни білімге негізделген болатын. Сонау VII ғасырдан бастау алатын Ислам дінінің әлемдік дін ретінде қалыптасуы, Пайғамбарымыз (с.а.у.) діни ұстанымы негізінде құрылған хадистері араб, парсы тілдерінің кең таралуына, сонымен бірге тек қана дін саласына ғана емес, саясат, мәдениет, тарих, экономика, жағрафия, әдебиет, тіл, т.б. салаларға да енуіне қызмет етті. Нәтижесінде араб елдеріне қоса Орта Азия елдерінде мәдениет, ғылым, тіл мен дәстүр дамыды. Жан-жақты дамыған ғылымның арқасында әлемге танымал ғалымдар дүниеге келді. Ғылыми орта құрылып, олардың мектебі қалыптасты. Сол мектептердің бірі де Қожа Ахмет Ясауи салған мектеп.

Ясауиға дейінгі түркі халықтарының Ислам түсінігінде араб және парсы мәдениеттерінің әсерін көруге болады. Дегенмен, Қожа Ахмет Ясауи Исламның араб мәдениетімен бірдей емес екенін, түркі дәстүрінің Ислам ережелеріне қарсы емес екенін, керісінше түркі дәстүрі мен Ислам қағидаларын ұштастыруға болатынын көрсете алды [12, 12-б.].

Расында, Қожа Ахмет Ясауи қолданысындағы лексикалық қорды саралап, оларға лингвистикалық және лингвотеологиялық талдау жасау кезек күттірмейтін мәселенің бірі. Бұл ретте Ясауи шығармаларынан орын алған әдебиет, фольклор, тарих, тіл, дін, т.б. қатысты материалдарға ғылыми талдаулар жасап, нәтижелерін жариялауды сұранады. Сондай-ақ сол дәуірдегі жазудың тілдік ерекшеліктерін, стилдік, теориялық негіздерін зерттеу де бүгінгі тіл білімінің дамуына қосылған сүбелі үлес болмақ. Мұндай зерттеулер тек қана қазақ тіл білімі үшін ғана емес, сонымен бірге жалпы түркі халықтарының тілі үшін, халықаралық деңгейдегі лингвистикалық, лингвотеологиялық зерттеулер үшін де маңызды.

Соңғы жылдары лингвотеологиялық ізденістер тіл білімінде дербес сала ретінде қалыптасып келетінін де атаған орынды болар. Оның дамуы жайлы мәселелерді зерделеу де өзіндік бір сала ретінде қарастырылуы кең етек алуда. Өйткені бұл тіл ғылымын ғана емес, сонымен бірге барлық гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселесіне айналууда. Бүгінгі қазақ қоғамында кең орын алатын діни тілдік бірліктердің прагматикалық ерекшеліктерінің лингвотеологиялық талдауының қазақ руханияты аясында қарастырылуы жаңа бағыт.

Мұндай бағыт қазақ тіл білімі саласында лингвотеологиялық талдаудың қалыптасуы мен дамуының ғылыми-теориялық қағидаларын арнайы зерттеуді міндеттейді.

Сөз жоқ, тарихи лингвотеологияның алдына қойған мәселелері жетерлік. Олар: тіл біліміндегі лингвотеологиялық талдаудың мақсатын, міндеттерін, зерттеу нысаны мен материалын айқындау, лингвотеологияның тіл білімінің өзге салаларымен байланысын, ортақ және жеке мәселелерін анықтау, қазақ қоғамында рухани және діни негізде өткізілетін түрлі дәстүрлерді, жаңа әлеуметтік шаралардың прагматикалық ерекшеліктерін тарихи жазба ескерткіштер мәтіндерімен салыстыра талдау арқылы анықтау.

Бұл аталған мәселелер өз кезегінде Қожа Ахмет Ясауидің шығармашылығын, ондағы таным мен идеяларды, т.б. мазмұндық жағынан қоғамға кеңінен түсіндіру, сол бағытта зерттеулер жүргізуді алға тартады. Онда «Диуани хикмет», «Пақырнама», «Мират-ул кулуб», «Рисала дер Адабы Тариқат», т.б. еңбектерді талдап, саралап, мәнін ұғындыруды талап етеді.

Негізгі деректер санатына Ахмет Ясауидің өз еңбектері мен оның ізбасарлары тарапынан күні бүгінге дейін жеткен тарихи жәдігерлер болып табылады. Аталмыш жәдігерлер Ахмет Ясауи және (Ясауилік) ілімі жайлы тың деректер осы аталған еңбектерден табылатындығын растайды. Бұл еңбектер, әдетте, сол кезеңнің парсы немесе шағатай тілімен жазылған жұмыстар. Дегенмен бұл еңбектердің кейбірі жарияланып жатса, ал кейбірі кітапханаларда қолжазба ретінде сақталып келеді. Өлі қолжазба түрінде сақталған еңбектер түрлі елдердің кітапханаларында жүйесіз түрде болғандықтан олардың көшірмелеріне қол жеткізу біршама қиындық туғызып келеді [12, 19-б.].

Рас, тұлғаға тиесілі қолжазбалардың көшірмелері көптеген шетелдің кітапханаларында сақтаулы. Оларды алып, жан-жақты саралау, зерттеу жасау бөлек мәселе. Бүгінде әр елдің қолжазбаларға деген өз көзқарастары мен олардың ақылы болуы әрі түрлі санаттағы басқармалардан рұқсат алуының өзі де көп қол байлау екені жасырын емес. Маңызды саналатыны бұл қолжазбалардың күні бүгінге дейін қаралмай қалған тұстарының болуы. Өлі күнге дейін сыры ашылмаған тұстарының мол болуы. Десе де, бүгінгі күнге дейін жеткен хикметтер қолданысындағы сөздер мен сөз тіркестерінің орнын анықтап, мазмұнын ашып, мәнін айшықтау Ясауи заманындағы тілдік қолданыстар жайлы мәліметтерді ұсынады деп білеміз. Оның ішінде кірме араб, парсы сөздерінің тақырыптық топтарын, қолданылу жиілігін де айқындауға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Түйіндей келгенде, Ясауи хикметтеріндегі кірме сөздердің орын алу себептерін былай ұғынуға болады: бірінші, Ясауи өмір сүрген дәуірде Ислам дінінің ресми қабылдануы; екінші, араб, парсы тілдерін дін тілі ретінде жалпыхалықтың қабылдауы; үшінші, Ясауидің араб, парсы тілдерін жетік меңгеруі; төртінші, аталған тілдерді сол дәуірде жалпыхалықтың түсініп, жатсынбай қолдануы; бесінші, Ясауи Ислам дінінің шарттарын жақсы меңгергендігі, яғни шариғи үкімдерді жақсы біліп қана қоймай, соған амал еткендігі. Міне осы аталған жайттар Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінен араб, парсы сөздерінің қолданысына мол мүмкіндіктер берді. Нәтижесінде ол да бұл тілдердің сөздерін еркін қолдануды негізге алды.

Ясауи хикметтері араб және парсы тілдерінің өркендеп, дәуірлеп тұрған шағында дүниеге келді. Сондықтан осы аталған жайттар кірме араб, парсы сөздерінің Ясауи хикметтерінде қолданысына толық жағдай жасады деген тұжырым жасауға болады.

Бір сөзбен айтқанда, Қожа Ахмет Ясауи хикметтері әдебиет, тіл үлгілерімен жазылған маңызы жоғары еңбек. Оның хикметтері көне түркі әдебиетінің Ислам діні негізінде жазылған үлгілердің үздігі. Ал хикметтер келер ұрпаққа берері мол қазына, сондай-ақ білім мен рухани тәлім алудың қайнар көзі ретінде танылатын туынды. Кірме араб, парсы сөздерінің орын алуы діннің шарттары мен қағидаттарын ұғындыруда түпкі мағынасын жеткізу мақсатында қолданылған.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Баранов Х.К. Большой арабско-русский словарь. В 2 томах. I том. – М.: Живой язык, 2006. – 456 с.
2. Көпрүлү Ф. Түркі әдебиетінде алғашқы сопы-ақындар. – Түркістан: Тұран, 2017. – 176 б.
3. Сыздықова Р. Ясауи «Хикметтерінің» тілі. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 664 б.
4. Утебеков С. Divân-ı Hikmet'in Kökşetav Nüshası. Giriş-Gramer Özellikleri-Metin- Dizin. – Çanakkale: Paradigma Akademi. 2021. 513 s.
5. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 299 б.
6. Ахмет Иасауи. Диуани хикмет (аударма, транскрипция, мәтін, сөздік). – Түркістан: Тұран, 2010. – 400 б.
7. Неждет Тосун. Қ.А. Ясауи зерттеулеріне қатысты әдебиеттердің тапшылығы мәселесі және кейбір маңызды еңбектердің әдебиеттерімен таныстыру. Кітапта: Қожа Ахмет Ясауидің рухани мұрасы. – Алматы: Еуразия ғылыми-зерттеу институты, 2017. – 260 б.
8. Мухтаров А., Санақұлов У. Узбек адабий тили тарихи. – Ташкент: Уқутувчи, 1995. – 160 б.
9. Ата-баба діні. Түркілер неге мұсылман болды? – Алматы: Білім, 2000. – 504 б.
10. Мансұров Н.Б. Қазақтың әдеби тілі: Оқу құралы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2016. – 242 б.
11. Кенжетай Д. Қожа Ахмет Иасауи мұрасы және оның маңызы. – Түркістан: Тұран, 2019. – 112 б.
12. Нұртазина Н. Түркі-мұсылмандық мәдениетінің генезисі және Ясауи заманы. Кітапта: Қожа Ахмет Ясауидің рухани мұрасы. – Алматы: Еуразия ғылыми-зерттеу институты, 2017. – 260 б.
13. Керімұлы Ә., Исақова А. Қ.А. Ясауи тілінің зерттелуі // ҚазҰУ Хабаршысы, филология сериясы. – 2014. – №3 (149). – Б. 109–114.
14. Сейітбекова А., Әмірбекова А. Кірме сөздердің фонетикалық варианттары // Ясауи университетінің Хабаршысы. – 2022. – №3 (125). – Б. 37–47.
15. Персидско-русский словарь. В II томах. I т. – М.: Советская Энциклопедия, 1970. С. 784.
16. Ясауи Қ.А. Пақырнама. – Түркістан: Тұран, 2021. – 100 б.

REFERENCES

1. Baranov H.K. Bolshoi arabsko-russki slovar [Large Arabic-Russian dictionary]. V 2 tomah. I tom. – Mç: Jivoi iazyk, 2006. – 456 s. [in Russian]
2. Koprulu F. Turki adebietinde algashqy sopy-aqyndar [The first Sufi poets in Turkic literature]. – Turkistan& Turan, 2017. – 176 b. [in Kazakh]
3. Syzdyqova R. Iasauı «Hikmetterinin» tili [The language of the “Hikmets” of Yassawi]. – Almaty: El-shejire, 2014. – 664 b. [in Kazakh]
4. Utebekov S. Divan-i Hikmet'in Kokshetav Nushasy. Giriş-Gramer Ozellikleri-Metin-Dizin [The Root Copy of the Divan-ı Hikmet. Introduction-Grammar Features-Text-Index]. – Çanakkale: Paradigma Akademi, 2021. – 513 s.
5. Jubanov Q. Qazaq tili jonindegi zertteuler [Research on the Kazakh language]. – Almaty: Gylym, 1999. – 299 b. [in Kazakh]
6. Ahmet Iasauı. Diuani hikmet (audarma, transkripsia, matin, sozdik) [Diwani Hikmet (translation, transcription, text, dictionary)]. – Turkistan: Turan, 2010. – 400 b. [in Kazakh]
7. Nejdnet Tosun. Q.A. Iasauı zertteulerine qatysty adebietterdin tapshylygy maselesi jane keibir manyzdy enbekterdin adebietterimen tanystyru [The problem of the shortage of literature on K.A. Yassawi's research and familiarization with the literature of some important works]. Kitapta: Qoja Ahmet Iasauıdin ruhani murasy. – Almaty: Eurazia gylymi-zertteu instituty, 2017. – 260 b. [in Kazakh]
8. Muhtarov A., Sanaqulov U. Uzbek adabi tili tarihi [History of the Uzbek literary language]. – Taşkent: Uqutuvchi, 1995. – 160 b. [in Uzbek]
9. Ata-baba dini. Turkiler nege musylman boldy? [Religion of ancestors. Why did the Turks become Muslims?]. – Almaty: Bilim, 2000. – 504 b. [in Kazakh]
10. Mansurov N.B. Qazaqtyn adebi tili [Kazakh literary language]: Oqu quraly. – Astana: L.N. Gumiliev atyndagy EUU, 2016. – 242 b. [in Kazakh]

11. Kenjetai D. Qoja Ahmet Iasauı murasy jane onyn manyzy [The legacy of Khoja Akhmet Yassawi and its significance]. – Turkistan: Turan, 2019. – 112 b. [in Kazakh]
12. Nurtazina N. Turki-musyľmandyq madenietinin genezisi jane Iasauı zamany [Genesis of Turkic-Muslim culture and the time of Yassawi]. Kitapta: Qoja Ahmet Iasauıdin ruhani murasy. – Almaty: Eurazia gylymi-zertteu instituty, 2017. – 260 b. [in Kazakh]
13. Kerimuly A., Iskakova A. Q.A. Iasauı tilinin zerttelui [Research of K.A. Yassawi language] // QazUU Habarshysy, filologia seriasy. – 2014. – №3 (149). – B. 109–114. [in Kazakh]
14. Seiitbekova A., Amirbekova A. Kirme sozderdin fonetikalyq varianttary [Phonetic variants of loanwords] // Iasauı universitetinin Habarshysy. – 2022. – №3 (125). – B. 37–47. [in Kazakh]
15. Persidsko-ruski slovar [Persian-Russian Dictionary]. V II tomah. I t. – M.: Sovetskaia Ensiklopedia, 1970. – S. 784. [in Russian]
16. Iasauı Q.A. Paqyrnama [Pakhyrnama]. – Turkistan: Turan, 2021. – 100 b. [in Kazakh]